

**Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 89 "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 207 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 маусымда № 7522-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 89 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Айыртау ауданының әкімі*

*Е. Бекшенов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Солтүстік Қазақстан облысы

Айыртау ауданының мәслихаты

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 2 маусымдағы  
№ 207 қаулысына қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Айыртау ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "8" сәуір  
№ 89 қаулысына 1 қосымша

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық және қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

- 2) аудандық маңызы бар жұмыспен қамту орталығы секторының басшысы;
- 3) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;
- 4) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 5) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар ;
- 6) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант - біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 7) халықты жұмыспен қамту орталығының ассистенті;
- 8) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар.

## 2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорны кітапхананың меңгерушісі (басшысы);
- 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорны секторының, бөлімінің басшысы;
- 5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көркемдік жетекшісі;
- 6) музыкалық жетекші - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 7) аккомпаниатор - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 8) библиограф - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 9) дыбыс жазу операторы;
- 10) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 11) барлық атаудағы әдіскер (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) кітапханашы - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

13) хореограф - біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

14) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

15) редактор (негізгі қызметтердің) - біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар.